

- 1.2.2 . Негізгі клиенттері (тұтынушылар, тапсырыс берушілер)
- 1.3 . 2006-2008 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметін талдау
- 1.4 . Компанияның өткізетін іс-шаралары
- 1.5 . 2009-2011 жылдарға арналған даму жоспары
- 1.5.1 . Мақсаттар және міндеттер (стратегиялық және 2009 жылға арналған)
- 1.5.2 . Негізгі бағыттар және іске асыру тетіктері
- 1.5.3 . Активтерді қайта құрылымдау және аутсорсингті дамыту
- 1.5.4 . Өнім өндірісін дамыту
- 1.5.5 . Әлеуметтік саланы дамыту
- 1.5.6 . Қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігінің техникасын сақтау жөніндегі іс - ш а р а л а р
- 1.5.7 . Күрделі салымдар көлемі
- 1.5.8 . Өзіндік құн құрылымы
- 1.5.9 . Баға және тарифтік саясатты негіздеу
- 1.5.10 . Кадрлық саясат
- 1.5.11 . Қарыз алу саясаты
- 1.5.12 . Қаржы нәтижелері және бюджетпен қатынас
- 1.5.12.1 . Республикалық бюджеттен түсетін түсім
- 1.5.12.2 . Бюджетке түсетін түсімдер, акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттеріне дивиденттер
- 2-бөлім . Компанияның инвестициялық бағдарламасы
- 2.1 . Саладағы инвестициялық жағдайды бағалау
- 2.1.1 . Саланың (аяның) инвестициялық нарықтарындағы жағдайды талдау және бағалау, сондай-ақ компанияның ролін бағалау әрі оның саладағы инвестициялық процестерге әсер ету дәрежесі
- 2.1.2 . Қ о р ы т ы н д ы л а р
- 2.2 . Инвестициялық басымдықтар мен бағыттар
- 2.2.1 . Инвестициялық жобалар жөніндегі ниеттер, алдын ала есептер мен негіздемелер
- 2.2.2 . Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау
- 2.2.3 . Уақытша бос ресурстарды басқару схемасы, оларды орналастыру саясаты
- 2.3 . Компания дамуының инвестициялық жоспары
- 3-бөлім . Дамудың аса маңызды көрсеткіштерін болжау

1-бөлім. Ұлттық компанияның жай-күйі және даму болашағы туралы баяндама

1.1. Кіріспе

"Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - компания) құрылды және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2007 жылғы 2 тамыздағы N 32 бұйрығының негізінде атауы өзгертілді. Мемлекеттік акциялар пакетін пайдалану құқығына иелік етуді Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі жүзеге асырады.

Компанияның бас кеңсесінің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, сол жағалау, Орынбор көшесі, N 8-ғимарат, Министрліктер үйі, 4-к і р е б е р і с , 3 - қ а б а т .

Компанияның басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган - акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі);
- 2) басқару органы - директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - президент;
- 4) бақылаушы орган - ішкі аудит қызметі.

Компания өз қызметін "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа заң актілеріне және компанияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Компанияның қызметін қамтамасыз ететін, 2005 жылғы 25 тамыздағы Ғарыш техникасын және жерүсті ғарыш инфрақұрылымының объектілерін жасауға, қайта жаңғыртуға және пайдалануға бас мемлекеттік лицензиясы (N 0012893) бар.

Компанияның миссиясы - Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне және ғылыми-техникалық дамуына өз үлесін қосатын ғарыш жүйелері мен технологияларын әзірлеу және өндіру, сондай-ақ елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғанысын нығайту.

Компания қызметінің **негізгі бағыттары** мыналар болып табылады:

- 1) ғарыш бағдарламалары мен жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 2) әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған аса тиімді ғарыш технологияларын құру және енгізу;
- 3) ғылымды қажетсінетін ғарыш технологиялары мен техниканы құру және қолдану жөнінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;
- 4) Қазақстан Республикасы экономика салаларының мүддесінде мемлекеттік тапсырысты орындауға қатысу;
- 5) елдің ғарыш саласы үшін кәсіптік білім беру және кадрлар даярлау жүйесін дамытуға қатысу;
- 6) ғарыш саласының, оның ішінде "Байқоңыр" кешені бойынша нормативтік-құқықтық базасын құруға және жетілдіруге қатысу;

7) "Байқоңыр" кешенін бұдан әрі дамыту процестеріне қатысу. Компания қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес және аса тиімділікке қол жеткізу мақсатында осы Жоспарға 1-қосымшада берілген ұйымдық құрылым таңдап алынды, ол м ы н а л а р д а н :

қызметі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , компанияның Жарғысына және корпоративтік басқару принциптеріне сәйкес қалыптасқан басқару органдарынан;

құрамына: Президент, Бірінші вице-президент, Вице-президенттер және Аппарат басшысы кіретін компания басшылығынан;

әкімшілік-басқару бөлімшелерінен, атап айтқанда: даму департаментінен, қаржы және экономика департаментінен, техникалық саясат департаментінен және ұйымдық бақылау бөлімін, заң қызметін, мемлекеттік тілді дамыту секторын, кадрлар бөлімін және логистика басқармасын қамтитын әкімшілік блогынан;

Арнайы конструкторлық бюроны, Жерүсті ғарыш инфрақұрылымын құру және пайдалану орталығын қамтитын Ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросынан тұратын негізгі өндірістік бөлімшелерден;

компанияның Мәскеу қаласындағы өкілдігі және Байқоңыр қаласындағы филиалы кіретін компания қызметінің негізгі және қосымша түрлерін жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз ететін функцияларды жүзеге асыратын қосалқы бөлімшелерден тұрады.

Таңдап алынған басқару құрылымы 2009-2011 жылдар кезеңінде компанияның тиімді қызметін қамтамасыз етеді.

Таңдап алынған басқару моделі құрылымдық бөлімшелердің жедел-шаруашылық дербестілігін қамтамасыз етуге бағытталған, оны кеңейту жалпы компания қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

1.2. Нарықты (қызмет аясын) талдау

1.2.1. Компанияның ғарыш қызметтері нарығындағы бәсекелестері мен үлесі

Компания қабылданған даму стратегиясына сәйкес ғарыш қызметтері нарығының м ы н а д а й :

1) ғарыш аппараттарын (бұдан әрі - ҒА) жобалау, жасау және сынау жөніндегі;
2) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесін (бұдан әрі - ЖҚЗ ҒЖ) құру ж ө н і н д е г і ;

3) Қазақстан Республикасының жоғары дәлдікті спутниктік навигация жүйесінің жерүсті инфрақұрылымын құру жөніндегі сегменттеріне жататын бірқатар жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр.

ҒА жобалау, жасау және сынау нарығы бойынша ҒА өндірісінің барлық дүниежүзілік нарығының сыйымдылығы жылына шамамен 55-60 бірлік құрайды және

нарықтың жетекші қатысушыларының арасында бірдей бөлінген: Tales Alenia Spase - 5; Boeing - 5; EADS Astrium - 9; ISRO - 2; Lockheed Martin - 7; Mitsubishi NES - 4; "М. Решетников атындағы прикладная механика" ғылыми-өндірістік бірлестік - 7; Orbital Scinces Corp. - 7; SS/L - 9; SSTL - 4.

Спутниктерді жасап шығаратын, атап айтқанда Қытайдың, Үндістанның, Ресейдің, Жапонияның жана компанияларының пайда болуымен байланысты нарықта бәсекелестіктің одан әрі өсуі күтілуде.

Даму стратегиясының шеңберінде компания, Астана қаласында іске асырылуы жоспарланып отырған, "Ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросының құрастыру-сынау кешенін (бұдан әрі - ҒТ АКТБ ҚұСК) құру" жобасын іске асырады.

Қалыптасқан бәсекелестік деңгейін ескере отырып, компания ҚұСК жобасының шеңберінде жүргізген маркетингтік зерттеулерге сәйкес, компания ҒА өндірісінің жалпы әлемдік коммерциялық нарығының 5% аспайтын көлемін — бұл жылына орта сыныпты 1 ҒА немесе 2—3 кіші ҒА көздейді.

Ғарыш қызметтері нарығының бұл сегменті аса жоғары бәсекелестік деңгейімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, қазіргі уақытта шағын ҒА әзірлеу мен жасауды мына елдердің: Ұлыбритания, Германия, Жапония, Бразилия, Финляндия, Испания, Оңтүстік Корея, Израиль, Австралия, Үндістан, Нидерланд, Португалия, Чили, Мексика, ОАР, Швеция, Канада және т.б. кәсіпорындары жүзеге асырады.

Сонымен, Қазақстанның ҒА АКТБ орташа қол жетерлік экспорттық әлеуеті жылына 60-100 млн. доллар құнымен 1 шағын ҒА құрай алады.

Ішкі нарықты ескере отырып, әзірлеу, құрастыру және сынау бойынша құрылатын ҒТ АКТБ ҚұСК жиынтық көлемі жобаның өндірістік объектілерін пайдалануға енгізу кезеңінен бастап жылына 160-200 млн. доллар жалпы құнымен 3 ҒА дейін құрай алады.

Компанияның маркетингтік қызметінің алдын-ала бағалауы бойынша Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің (бұдан әрі - ЖҚЗ ҒЖ) қызметтер көрсету дүниежүзілік нарығының жалпы көлемі қазіргі уақытта шамамен 650 млн. АҚШ долларын құрайды.

ЖҚЗ деректерін ұсынудың дүниежүзілік қызметтер көрсету нарығындағы негізгі бәсекелестері мына халықаралық компаниялар: GeoEye (АҚШ), Digital Globe (АҚШ), ImageSat International (Израиль), SPOTImage (Франция) және Antrix (Үндістан) болып табылады. Бұл ретте ЖҚЗ ҒЖ қызметтер көрсету нарығының негізгі қатысушыларының жалпы үлесі 98 %, қалғандары - 2 % құрайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы ЖҚЗ қызметтерін көрсету нарығы қалыптасу сатысында, компанияның маркетингтік қызметі жүргізген маркетингтік зерттеулерге сәйкес оның сыйымдылығы шамамен 350-500 мың АҚШ долларын құрайды.

Жоғар дәлдікті спутниктік навигацияның жер үсті жүйесінің қызметтер көрсету нарығы бойынша, қазіргі уақытта бұл ғарыш саласындағы аса тез дамитын және перспективалық нарық екенін айта кеткен жөн. TNhe European Commission`s Galileo Market Observatory - ғылыми-зерттеу орталығының деректері бойынша бұл нарықтың жылдық жалпы табысы 2010 жылы 26 млрд. АҚШ долларына жетеді және 2020 жылға қарай - 104 млрд. дейін өседі. Бұл ретте навигациялық жүйелер нарығы кеңінен айқындалды, сондықтан жоба бірқатар сегменттер мен қызметтерді қамтиды.

Аталған нарық Қазақстан Республикасында бүгінгі таңда қалыптасу сатысында.

1.2.2. Негізгі клиенттер (тұтынушылар мен тапсырыс берушілер)

Компанияның стратегиясын іске асыру жөніндегі міндеттерге сәйкес, ішкі нарықта компания қызметтерінің соңғы тұтынушылары мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар, телекоммуникациялық және көлік секторының корпорациялары, сондай-ақ жаппай көпшілік тұтынушылары болады деп күтілуде. Сыртқы нарықта Компанияның өнімі мен қызметтерінің негізгі тұтынушылары трансұлттық компаниялар, ірі халықаралық, аэроғарыш және телекоммуникациялық корпорациялар, сондай-ақ дүниежүзілік ғарыш нарығында ЖҚЗ деректерінің маркетингін жүзеге асыратын ұйымдар болады.

Компанияның іске асыратын жобаларының негізгі міндеттерін ескере отырып, компанияның өнімі мен қызмет көрсетулерінің мынадай негізгі тұтынушылары мен тапсырыс берушілерін анықтауға болады.

"Жерді қапшықтықтан зондтау ұлттық ғарыш жүйесін құру" жобасы бойынша:

- 1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
- 2) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;
- 3) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;
- 4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі;
- 5) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;
- 6) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;
- 7) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
- 8) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
- 9) Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі;
- 10) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары: "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы; "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамы; "Қазақстанкаспийшельф" акционерлік қоғамы; "KEGOK" акционерлік қоғамы; "Азия Софт" жауапкершілігі шектеулі серіктестік; "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы; "ГосПНЦзем" республикалық мемлекеттік кәсіпорын; құрылыс индустрия саласындағы ғылыми-зерттеу ұйымдары;

- 11) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары;
- 12) Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдары;
- 13) дүниежүзілік нарықта деректер маркетингін жүзеге асыратын халықаралық компаниялар (GeoEye, Digital Globe, ImageSat International, SPORTImage, Antrix);
- 14) шетел мемлекеттерінің мемлекеттік органдары;
- 15) халықаралық және ішкі жаппай көпшілік нарығы.

"Құрастыру-сынау кешенін құру" жобасы бойынша:

- 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
- 2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
- 3) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;
- 4) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;
- 5) Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі;
- 6) халықаралық спутниктік байланыс операторлары, әлемнің түрлі елдерінің мемлекеттік институттары мен ұйымдары.

"Қазақстан Республикасының жоғары дәлдікті спутниктік навигация жүйесінің жерүсті инфрақұрылымын құру" жобасы бойынша:

- 1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
- 2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;
- 3) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;
- 4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
- 5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
- 6) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
- 7) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;
- 8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;
- 9) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;
- 10) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі;
- 11) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;
- 12) Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі;
- 13) Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі;
- 14) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
- 15) "Казэронавигация" РМК;

16) басқа ұйымдар: қалалық қоғамдық көлік (автобус және троллейбус парктері, таксопарктер); жүк тасу (оның ішінде транзиттік) бойынша қызметтер көрсететін компаниялар; су, теңіз және теміржол көлігі; қалааралық жолаушы тасымалы (оның ішінде туристік); қауіпті және бағалы жүктер тасымалы.

1.3. 2006 - 2008 жылдарғы өндірістік-қаржы қызметті талдау

2006 - 2007 жылдарғы қаржы экономикалық қызметтің қорытындысы

Компания 2005 жылғы маусымнан бастап жұмыс істейді, 2006 және 2007 жылдарда орындалған жұмыс көлемінің динамикасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығымен бекітілген "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасында көзделген іс-шаралар негізінде белгіленді.

2006 - 2007 жылдарғы қаржы экономикалық қызметтің қорытындылары бойынша мынадай мәліметтер бар:

2007 жылғы қорытындылар бойынша компания 500 754,0 мың теңге мөлшерінде таза табыс алды. Құрылған сәттен бастап компанияның жарғы капиталының мөлшері едәуір өсті, яғни компанияның жобаларын іске асыруға арналған қаражат жарғы капиталын ұлғайту жолымен республикалық бюджеттен бөлінеді. Сонымен, 2007 жылдың аяғында жалпы активтердің баланстық құны 10,8 млрд. теңгені құрады. 2008 жылдың аяғында жалпы активтердің баланстық құны 15,3 млрд. теңге деңгейінде болжанып отыр.

Шығыстардың көбеюі компания қызметкерлерінің жалақысын көтеру қажеттілігімен (анықтама ретінде, компания құрылған сәттен бастап жалақы көтерілген жоқ) және шетелден білікті мамандар тарту қажеттілігімен байланысты. Қазіргі уақытта компанияның негізгі кірісі уақытша бос қаражатты "Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 960 қаулысына сәйкес орналастыру есебінен қалыптасады. Жоспарланған кезеңге арналған компания кірісінің азаюы жобаларды іске асыру кезеңдеріне жоспарланған төлемдерге байланысты уақытша бос қаражат көлемінің азаюымен байланысты. Сонымен, компанияның жарғы капиталының жыл сайынғы көбеюіне қарамастан, 2011 жылдың аяғына қарай 1 586 236 мың теңге мөлшерінде шығын күтілуде.

Бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер түрінде түсетін түсімдер

Бүгінгі күні Компания өндірістік қуаттарды капиталға айналдыру, толығырақ жабдықтау, негізгі құралдарды қайта жаңғырту, ғимараттар мен құрылыстарды бұрынғы қалпына келтіру сатысында, осыған байланысты теріс қаржы нәтиже күтілуде. Компанияның мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төлеу 2013 жылдан ерте күтілмейді.

Қазақстандық және шетел қаржы институттарынан қарызға алынған қаражаттың көлемі мен негіздемесі

қазақстандық және шетел қаржы институттарынан қаражат алып пайдалану жүзеге асырылған жоқ.

Компанияның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді және сыйлық беруді т а л д а у

2007 - 2008 ж.ж. кезеңінде басшы қызметкерлердің еңбекақы төлеу қорының (бұдан әрі - ЕТҚ) төмендеуі 3,8 % құрады (90,2 млн. теңгеден 86,8 млн. теңгеге дейін). Басшы қызметкерлердің саны 2007 - 2008 ж.ж. кезеңінде 24-тен 23 адамға дейін азайды. Болжамды деректер бойынша 2009 - 2011 ж.ж. кезеңінде Компания қызметкерлерінің санын 234 адам деңгейінде ұстау жоспарланып отыр.

2007 жылдың қорытындылары бойынша бір қызметкердің орташа жалақысы айына 142 000 теңге, басшы қызметкерлердікі - 313 000 мың теңге құрады. Компания іске асыратын жобалардың тәжірибелі іске асыру сатысына көшуімен байланысты 2009 жылы Компания қызметкерлерінің еңбекақы қорын, қызметкерлер санын сақтай отырып, көбейту жоспарланып отыр, бұл жобаларды тиімді іске асыру үшін білікті мамандар тарту қажеттілігімен байланысты.

2008 жылмен салыстырғанда 2011 жылы басшы қызметкерлердің еңбекақы қорын шамамен 2,6 есеге көбейту жоспарланып отыр (1-қосымшаны қара), бұл Компания іске асыратын жобаларды жабу және бұл үшін Ресей Федерациясынан, Франциядан және басқа елдерден жоғары білікті мамандарды тарту қажеттілігімен байланысты. Барлық есептерде жыл сайынғы инфляцияның болжамды деңгейі 10 % мөлшерінде ескерілген.

1-диаграмма: Компания қызметкерлерінің саны (қағаз мәтінінен қараңыз)

1.4. Компанияның жүргізетін іс-шаралары

2008 жылдың аяғындағы жағдай бойынша компания "Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2008 - 2010 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 наурыздағы N 238 қаулысына сәйкес жоспарланған жобалар бойынша мынадай негізгі іс-шараларды аяқтауды жоспарлап отыр:

а) ЖҚЗ ҒЖ жобасы бойынша: ЖҚЗ ҒЖ жеткізіп тұрушысын белгілеу бойынша 2 кезеңдік конкурс өткізу, жеткізіп тұрушыны белгілеу, жүйені жеткізіп тұруға келісім-шарт жасасу, келісім-шарт шеңберінде ЖҚЗ ҒЖ құру процесінде қызметкерлерді оқытуды бастау;

б) ҚұСК жобасы бойынша: кешенді салу учаскесін белгілеу, құрылыс учаскесін дайындау, "ҚұСК құру" жобасы бойынша стратегиялық әріптесті белгілеу, БК құру, қызметкерлерді іріктеу және оқыту жөнінде жұмысты бастау;

в) ЖСНЖ жобасы бойынша: алдын-ала жоба әзірлеу, ҚЭН әзірлеу, ЖСНЖ нобайлық жобасын әзірлеу, Қазақстан Республикасының ЖСНЖ құру бойынша 2 кезеңдік конкурс жариялау.

Компания 2009 - 2011 жылдары 2008 - 2010 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес компанияның стратегиясын іске асыруға бағытталған жобаларды бұдан әрі іске асыруды және ҚҰСК жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылым (бұдан әрі - Ғарыш орталығы) құру жөніндегі жобаны іске асыруды бастауды жоспарлап отыр. Бұл жоба, ҚҰСК толық бағалы жұмыс істеу үшін барлық қажетті инфрақұрылым құру жөніндегі міндеттерді қамтиды.

Қазіргі әлемдегі ғарыш саласында әзірлеуден, өндіруден және сынаудан бастап ғарыш жүйелері мен кешендерін пайдалануға дейін технологиялық процестерді байланыстыруға мүмкіндік беретін озат ғарыш технологияларын игеру жолымен ғарыш орталықтарын құру тәжірибесі қалыптасты.

Халықаралық тәжірибе (Цукуба (Жапония) қаласындағы ғарыш орталығы; ISRO (Үндістан) ғарыш орталығы; Тулуза қаласындағы (Франция) ғарыш орталығы); Мюнхен қаласындағы (Германия) IABG орталығы; RAL Space (Ұлыбритания) және т.б.) ғарыш орталықтары тек қана өндірістік объектілердің шоғырлану орны ғана емес, ал ғарыш саласының дербес инфрақұрылымдық элементі болып табылатынын көрсетеді.

Ғарыш орталығы ҚҰСК жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылым ретінде барлық посткеңестік кеңістікте бірегей және өзінше жалғыз болып табылады, бір аумақта ықпалдасқан және ғарыш қызметтерінің кең спектріне бағытталған озат ғарыш технологияларын пайдалану арқылы ұлттық экономиканың жаңа деңгейге ауысуын қамтамасыз етеді.

Компанияның қызметі негізгі қорларды құруға бағытталғандықтан, Компания 2005 - 2007 жылдар кезеңінде активтерді (акциялар пакеттерін, қатысу үлестерін) басқару жөнінде іс-шараларды жүзеге асырған жоқ.

1.5. 2009 — 2011 жылдарға арналған даму жоспары

1.5.1. Мақсаттар және міндеттер (стратегиялық және 2009 жылға арналған)

Компания өз қызметінде Қазақстан Республикасының ғарыш саласын дамытудың мынадай негізгі қағидаттарын басшылыққа алады:

1) ғарыш технологиялары мен жүйелерінің әртүрлі тұтынушыларға сапалы қызметтер көрсетуге бағытталуын;

2) ғарыш жобаларын әзірлеуден, жасаудан, сынаудан, іске асырудан бастап, аяқтауды және ғарыш техникасын кейінгі пайдалануды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін "толық аяқталған" бірыңғай технологиялық процесс құруды;

3) ғарыш техникасының әлемдік әзірлеушілерімен әріптестік қатынастарды жолға қою, бұл ғарыш техникасын өндірушілерден қызметтер сатып алуға қарағанда, Қазақстан Республикасының ғарыш саласына алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді;

4) ғарыш технологиялары мен жүйелерін бір пакетте жеткізумен ғарыш жүйелерін құру жөніндегі тапсырыстарды орындау барысында отандық мамандар даярлау.

Компанияның 2009 - 2011 жылдарға арналған негізгі жобаларының тізбесіне мыналар енеді:

"Қазақстан Республикасының Жерді қашықтықтан зондтау ұлттық ғарыш жүйесін құру";

"Жоғары дәлдікті спутниктік навигация жүйесінің жерүсті инфрақұрылымын құру";

"ҒТ АҚТБ құрастыру-сынау кешенін құру";

"ҚұСК жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылым құру".

Компанияның 2009 жылға арналған жобаларын іске асыру жөніндегі негізгі міндеттері мыналар болады:

ЖҚЗ ҒЖ жобасы бойынша: нобайлық жоба жөніндегі жұмысты аяқтау, ЖБК және ЖМК құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды аяқтау, шығару құралдарын жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізу, ЖМК эксперименттік-демонстрациялық фрагментін құру және іске қосу;

ҚұСК жобасы бойынша: техникалық жоба дайындау, құрылыс мердігерін белгілеу;

ЖСНЖ жобасы бойынша: үш аймақтық орталық және ұтқыр сараланған жүйе үшін техникалық және жұмыс құжаттамасын әзірлеу; аймақтық орталықтар үшін жабдық сатып алу бойынша жұмыс жүргізу; ұтқыр сараланған жүйені жабдықпен қамтамасыз ету; тұтынушының навигациялық аппаратурасын, ғаламдық навигациялық жүйелердің функционалдық қосымшаларын шығару бойынша тәжірибелік өндіріс ұйымдастыру үшін дайындық жұмыстары және телематикалық навигациялық жабдық (бұдан әрі - навигациялық жабдық); аймақтық жүйелерді пайдалануға енгізу үшін объектілерді дайындау жөнінде жұмыс жүргізу;

Ғарыш орталығы жобасы бойынша: ғарыш саласын қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша әкімшілік ғимаратын және тұрғын үйлер салу үшін жер учаскесін сатып алу, жобалауға рұқсат алу, мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нобайлық және жұмыс жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстарға тапсырыс жасау.

1.5.2. Негізгі бағыттар және іске асыру тетіктері

Компанияның даму стратегиясын тиімді іске асыру және Компанияның даму жоспарын іске асыруды басқару және мониторингі жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында Компания 2008 жылдың басынан бастап өз қызметіне қазіргі менеджмент жүйелерін,

- атап айтқанда:
- стратегиялық жоспарлау жүйесін;
 - жобаларды басқару жүйесін;
 - сапа менеджменті (ISO стандарттары бойынша сертификаттау) жүйесін;

- қаржыны басқару (бюджеттеу) жүйесін;
- "100 менеджер" жобасын іске асыру жолымен саланы білікті кадрлық әлеуетпен қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлерді басқару жүйесін енгізумен байланысты іс-шаралар кешенін жүргізуде.

Стратегиялық жоспарлау жүйесі (СЖЖ) нәтижеліліктің қаржы және өндірістік көрсеткіштерінің арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, Компания дамуының стратегиялық бағытын, оның негізгі мақсаттары мен тетігін белгілей отыра, айқындауға мүмкіндік береді. СЖЖ енгізу нәтижесінде компанияның стратегиялық жоспары әр құрылымдық бөлімшенің шұғыл жұмыс жоспарына ауысады. Құрылымдық бөлімшелер нәтижеліліктің негізгі көрсеткіштеріне (бұдан әрі - ННК) жету үшін компанияның даму жоспарының орындалуына ай сайын аудит жүргізіледі.

Жобаларды басқару жүйесі (ЖБЖ) Компанияның бірыңғай қағидаттарына және техникалық саясатына сәйкес жобаларды жылдам әрі табысты аяқтау үшін қажетті барлық процестерді реттеуге мүмкіндік береді, бизнес жоспарлау сатысынан жобаны аяқтағанға дейін жобаларды басқару процестерін ұйымдастыруға арналған.

Бүгінгі күні 15 регламенттейтін құжат әзірленді және қолданылуда, Жобалау комитетінің жұмысы Компанияның даму стратегиясы, жұмыс жоспарларын бекіту және олардың орындалуын бақылау шеңберінде жобаны іске асыру мақсаттылығы мен тиімділігін қарайтын құрылым ретінде ұйымдастырылды.

Жоба бойынша жұмыстар басталғанға дейін ЖБЖ шеңберінде **коммерциялық, техникалық, қаржы және заң сараптамалары**, жүргізіледі, олар жобаның маркетингтік құрастырушысын және оның коммерциялық мақсатқа лайықтылығын бағалауға, жобаларды іске асыру жағдайларында озат технологиялар мен тетіктерді қолдануға, қаржы және басқа ресурстарды, жобаларды іске асыру барысында мамандарды даярлау бағдарламасын бағалауға, жобаның осы не өзге ғарыш жобаларына қатысу формалары заңдылығының, жобаны бастаған кезеңде Қазақстан Республикасы заңдарының халықаралық нормалары сақталуының заң аспектілерін қарауға және болдырмауға мүмкіндік береді.

Бюджеттеу немесе қаржыны басқару жүйесі (ҚБЖ) әр жоба және тұтас Компания тұрғысынан баптар бойынша қаржы көрсеткіштерін жоспарлауды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Компанияның даму жоспарын орындау шеңберінде қаржы қаражаттың тиімді пайдаланылуын бақылауды ұйымдастыру мақсатында Компания бюджетінің кассалық (нақты) орындалуын жобалар және тұтас Компания тұрғысынан апта сайын және ай сайын **қазынашылық қызметі** жүргізеді. Бұл Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кадрлар даярлау жүйесі (КДЖ) Компанияны ғарыш жүйелерінің өмірлік циклдерінің әр кезеңіндегі ғарыш технологиялары саласындағы білікті кадр мамандарымен, сондай-ақ қазіргі басқару жүйелері саласындағы мамандармен

қамтамасыз етуге бағытталған. КДЖ енгізу нәтижесінде Компанияның даму стратегиясының шеңберіндегі міндеттерді шешу үшін мамандар даярлаудың бірыңғай бағдарламасы қалыптасады, мамандарды кәсіптік даярлауға анық талаптар тұжырымдалады, жобаларды іске асыру технологиялық процесінің тұрғысынан білікті мамандарға қажеттілік анықталады.

Бұл жобаны іске асыру Есеп комитетінің ескертулерінде көрсетілген шешілмеген мәселелер жағдайларын болдырмауға мүмкіндік береді.

Байқоңыр қаласындағы әкімшілік ғимаратын және екі тұрғын үйді қайта жаңғырту білікті мамандар тарту үшін қосымша стимул болып табылады.

Сапа менеджментінің жүйесі (СМЖ) компания қызметін басқарудың негізін салушы жүйе болып табылады және тіршілік әрекетінің негізгі процестерін формализациялау, халықаралық сапа стандарттары бойынша қазіргі және сапалы деңгейде оларды басқару тиімділігін арттыру үшін арналған. СМЖ енгізудің негізгі көрсеткіші Қазақстан Республикасының мүддесінде халықаралық стандарттарға сәйкес өндірілетін өнімнің (ғарыш техникасының) және көрсетілетін ғарыш қызметтерінің сапасын арттыру болып табылады.

Автоматтандырылған басқару жүйесі (АБЖ) EPR және CALS технологиялары негізінде автоматтау жүйесін қолданумен шұғыл басқару және жобалау жұмыстарын есепке алу тиімділігін арттыруға арналған. АБЖ Компания масштабындағы барлық негізгі процестерді жоспарлауды, есепке алуды, бақылауды және талдауды автоматтандыру үшін бірыңғай орта құруға мүмкіндік беретін ықпалдасқан қосымшалар жиынтығын қамтитын түрлі басқару функцияларын қолдауға бағытталған.

Көзделген жобалар шеңберінде компания оларды іске асыру тетігін мынадан көреді :

1) Ресей Федерациясының, Украинаның және әлемнің басқа елдерінің бейінді жоғары оқу орындарында және ғарыш орталықтарында мамандарды оқыту және біліктілігін арттыру;

2) ҒА дербес әзірлеу, жасау және сынау үшін өз жобалау-конструкторлық және құрастыру-сынау базасын құру, ҒА өндіру жөніндегі объектілер құру бойынша Компанияның жобаларына қатысуға қабілетті стратегиялық әріптестікті анықтау арқылы Қазақстан Республикасына технологиялар трансфертін жүзеге асыру, отандық қызметкерлерді оқыту, қазақстандық кәсіпорынға (КұСК) тапсырыстарды қамтамасыз ету және т.б. ;

3) Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы ағымдағы және ұзақ мерзімді бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

4) халықаралық ғарыш құқығын ескере отырып, ғарыш саласындағы стандарттар мен нормативтік құжаттарды қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасындағы ғарыш қызметінің құқықтық базасын құруға және дамытуға қатысу;

5) ғарыш қызметі саласындағы дүниежүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге ықпалдасу және халықаралық сапа стандарттарын енгізу жолымен ынтымақтастықты дамыту.

1.5.3. Активтерді қайта құрылымдау және аутсорингті дамыту

Компания 2009 - 2011 жылдары активтерді қайта құрылымдау және аутсорсингті дамыту жөнінде іс-шаралар жоспарлап отырған жоқ.

1.5.4. Өнім өндірісін дамыту

Компания 2009 - 2011 жылдарда іске асыруға қабылдаған жобаларға сәйкес жоспарлаған кезеңде өнім өндірісі көзделмеген, яғни Компания іске асыратын жобалар ұз а қ м е р з і м д і с и п а т т а .

Қазақстан Республикасы Жерді қашықтықтан зондтау жүйесінің міндеттері м ы н а д а й :

- 1) экологиялық қатер аймақтарының, дағдарыс өңірлерінің және жоғары антропогенді жүктемемен аумақтардың жағдайын тұрақты бақылау;
 - 2) Қазақстан аумағының үстіндегі бұлт жабындысының мониторингі;
 - 3) қауіпті метеорологиялық құбылыстардың ерте алдын алу;
 - 4) Каспий теңізінің акваториясындағы мұнай дақтарының мониторингі;
 - 5) өнеркәсіптік агломерациялар мен қалаланған аумақтар мониторингі;
 - 6) радиациялық-қауіпті объектілер мониторингі;
 - 7) м ұ з д ы қ т а р м о н и т о р и н г і ;
 - 8) қатты пайдалы қазбалардың ашық кен шығарылатын жерлерінің мониторингі;
 - 9) Арал теңізінің мониторингі және тозаңды дауылдарды тіркеу;
 - 10) Семей ядролық сынақ полигонының және оған іргелес аумақтардың м о н и т о р и н г і ;
 - 11) Каспий теңізінің Қазақстан жағалауындағы айдау-желкума құбылыстарын б а қ ы л а у ;
 - 12) Сырдария өзені алабының мониторингі;
 - 13) шөлейттену процестерін бақылау;
 - 14) Қазақстанның өнеркәсіптік қалаларының көшеттерін картаға түсіру.
- Міндеттерді шешу, оларды өндіру 2012 жылдың басына жоспарланып отырған жүйе өнімінің мынадай түрлеріне негізделген:
- 1) аннотацияланған "аяқталмаған" деректерге;
 - 2) өңдеудің стандарттық деңгейлерінің цифрлы бейнелері мен деректеріне;
 - 3) стандартты радиометриялық және геометриялық түзетулер кіретін Жер бетінің к а л и б р л і б е й н е л е р і н е ;
 - 4) Жер бетін бейнелеудің ортотрансформацияланған бейнелеріне;

- 5) Жер бетінің мозаикалық бейнелеріне;
- 6) Жер бетінің синтезделген бейнелеріне;
- 7) жалпы және арнайы мақсаттағы көп қабатты цифрлы (электрондық) карталарға;
- 8) рельефтер мен жердің үш өлшемді цифрлы үлгілеріне;
- 9) геоақпараттық жүйенің (бұдан әрі - ГАЖ) цифрлы тақырыптық қабатына.

Қазақстан Республикасының жоғары дәлдікті спутниктік навигациясының жерүсті инфрақұрылымы жүйесін құру жобасы бойынша, жоба жоғары технологияларды, ғылымды қажетсінетін әзірлемелерді өнеркәсіптік игеру, ғылыми әзірлемелердің республиканың әлеуметтік-экономикалық даму талаптарына бағыну міндеттеріне сәйкес келетінін айта кеткен жөн.

Кез келген қозғалыстағы объектілердің орналасқан жерін анықтау әр елдің экономикасының тиімділігін арттыру негіздерінің бірі болып табылады. Бірінші кезекте ол жерүсті және су көлігінің мониторингіне қатысты. Бұл проблема аумағы үлкен, тиімді географиялық жағдайдағы және орасан зор транзитті әлеуетке ие Қазақстан Республикасы үшін аса маңызды. Осыған байланысты оны іске асыру үшін бұл жобаны таңдау негізделген және дер кезіндегі болып табылады. Бұл жобаны іске асыру озат ғарыштық радионавигациялық технологияларды Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салаларына іс жүзінде толық енгізуге мүмкіндік береді және бұл елдің жедел әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.

Құрастыру-сынау кешенін құру жобасы бойынша объекті пайдалануға енгізілгеннен кейін ғарыш аппараттарының өндірісі жылына шамамен 2 ғарыш аппаратын құрайды. Жобаның негізгі мақсаты өндірістің, ғарыш аппараттарын, тиімді жүктеме компоненттерін және ғарыш техникасы элементтерін сынау және пайдалануға енгізудің өзекті мәселелерін шеше алатын қазіргі жоғары технологиялық кәсіпорындарды құру және пайдалануға енгізу болып табылады, бұл Қазақстанда іске асырылатын жобалардың өзіндік құнын арзандатуға мүмкіндік туғызады.

1.5.5. Әлеуметтік саланы дамыту

Әлеуметтік саланы дамыту Компанияның жоғары білікті кадрлық құрамын қалыптастырудың, пікірлес топ құрудың және оның шығармашылық жұмысы үшін қолайлы климат жасаудың тиімді құралының бірі болып табылады.

Әлеуметтік саланы дамыту үшін, бірінші кезекте қызметкерлерді мынадай іс-шаралармен қамтамасыз ету жоспарлануда:

1) Қызметкерлерге материалдық көмек. Материалдық көмекті мынадай жағдайларда төлеу жоспарлануда:

қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кезінде сауығуға (емделу жәрдемақысы) штаттық кестеге сәйкес екі лауазымдық ақы мөлшерінде; зейнеткерлікке шыққанда бір лауазымдық ақы мөлшерінде;

қызметкер некелескен жағдайда бір лауазымдық ақы мөлшерінде; қызметкерде бір бала туғанда бір лауазымдық ақы мөлшерінде, ал екі және одан көп бала туғанда екі лауазымдық ақы мөлшерінде; қызметкердің жұбайының және балаларының, ата-анасының, туғандарының, өгей аға/апаларының өлімімен байланысты бір лауазымдық ақы мөлшерінде. Бұдан басқа, Компания қызметкерлерінің еңбегін ынталандыру және уәждемелеу жүйесі әзірленді, ол белгіленген тәртіппен реттеледі.

1.5.6. Қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі техникасын сақтау жөніндегі іс-шаралар

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес компания қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды, оның сапасының нормативтерін және экологиялық талаптарды сақтау жүктелген табиғат пайдаланушысы болып табылады.

Әзірленіп жатқан "2008 - 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы" мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде қоршаған ортаны қорғауға және Қазақстан Республикасында, оның ішінде "Байқоңыр" кешеніндегі ғарыш қызметінің нәтижесінде қалыптасатын экологиялық шиеленісті төмендетуге бағытталған іс-шаралар көзделуде. Компаниядағы еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі негізгі іс-шаралар ұйымдық, техникалық, әдістемелік, өндірістік және санитарлық-гигиеналық жұмыстар кешеніне бағытталған.

1.5.7. Күрделі салымдар көлемі

2009 - 2011 жылдар аралығында компанияның жобаларына арналған күрделі салымдар көлемі мынаны құрайды: 2009 жылы - 6 456 594 мың теңге; 2010 жылы - 16 198 046 мың теңге; 2011 жылы - 22 669 009 мың теңге, оның ішінде бекітілген "2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2008 жылғы 4 желтоқсадағы N 96-IV Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде: 2009 жылы - 5 178 421 мың теңге; 2010 жылы - 15 447 818 мың теңге; 2011 жылы - 19 535 169 мың теңге.

Жобалар тұрғысынан жарғылық капиталдың ұлғаюы мынадай болады:

1. "Жерді қашықтықтан зондтау 2 оптикалық-электрондық ғарыш аппараттары, жерүсті басқару кешені және жерүсті мақсатты кешені құрамында Қазақстан Республикасының Жерді қашықтықтан зондтау ұлттық ғарыш жүйесін құру" жобасы: 2009 жылы - 2 338 100 мың теңге; 2010 жылы - 10 004 200 мың теңге; 2011 жылы - 11 4 2 6 4 5 8 м ы ң т е ң г е .

2. "Ғарыш аппараттарын құрастыру және сынау жөніндегі Ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросының Құрастыру-сынау кешенін құру" жобасы: 2009 жылы — 2 164 321 мың теңге; 2010 жылы - 4 759 618 мың теңге; 2011 жылы - 7 0 9 2 7 1 1 м ы ң т е ң г е .

3. "Жоғары дәлдікті спутниктік навигация жүйесінің жерүсті инфрақұрылымын құру" жобасы: 2009 жылы - 676 000 мың теңге; 2010 жылы - 684 000 мың теңге; 2011 жылы - 1 016 000 мың теңге.

4. "ҚұСК жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылым құру" жобасы: 2009 жылы - 1 278 173 мың теңге; 2010 жылы - 750 228 мың теңге; 2011 жылы - 3 133 840 мың теңге.

1.5.8. Өзіндік құн құрылымы

Қазақстан Республикасы ғарыш саласының қалыптасу үрдісінде компанияның қызметі ұзақ мерзімді сипаттағы бірыңғай өндірістік цикл құруға бағытталған ғарыш жобаларын іске асыруға бағдарланатын болады. Құрылып жатқан ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы Құрастыру-сынау кешенінің шеңберінде бірыңғай өндірістік цикл құру көзделіп отыр, оның шеңберінде идеяны әзірлеуден бастап ғарыш аппараттарын құрастырумен және сынаумен аяқталатын жұмыстар орындалады. Компания жоспарлаған жобалардың құрамдауыштарын пайдалануға қосуна қарай жобаларды іске асырумен байланысты шығындар капиталға айналдырылатын болады.

Қазіргі уақытта Компанияның қызметі, болашақта олардың көмегімен әр жобаның шеңберінде дайын өнім жасалатын өндірістік қорлар құруға бағытталған.

Компанияның 2009 - 2011 жылдар кезеңіндегі әкімшілік және жалпы қосымша шығындары республикалық бюджеттен жобаларды іске асыруға бөлінетін жоспарланған сомалардың шамамен 7,11% құрайды. Әкімшілік және жалпы қосымша шығындар пайызы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттен бөлінген қаражат сомасына байланысты өзгертілуі мүмкін.

2009 жылға арналған жалпы және әкімшілік шығындар 1 659 891 мың теңге көлемінде жоспарланды (қосымшаны қараңыз).

1.5.9. Баға және тарифтік саясатты негіздеу

Компания жоспарлаған жобалардың жоғары өзіндік құнын ескере отырып, жобалардың өнімдеріне арналған тарифтер ұқсас қызметтерге арналған қолданылып жүрген бағалардан төмен болуға тиіс. Бұл ретте, компанияның жобалары мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін, ғылыми сипаттағы міндеттерді шешуге бағытталғанын және олар коммерциялық сипатта емес екенін ескеру қажет, бұл компанияның баға саясатында көрсетілетін болады.

1.5.10. Кадрлық саясат

Компанияның кадрлық саясаты Ресейдің, Украинаның жоғары оқу орындарының мамандандырылған түлектерін, "Болашақ" бағдарламасы бойынша түлектерді, аэроғарыш саласында және аралас салаларда практикалық жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ ғылыми саладағы жұмыс тәжірибесі бар мамандарды тартумен ұжымды ғарыш қызметі саласындағы біліктілігі жоғары мамандармен жасақтауға бағытталған.

Компания кадрмен қамтамасыз ету шеңберінде мыналарды жоспарлап отыр:

- 1) компания қызметкерлерін бағалау жүйесін енгізуді;
- 2) компанияның кадрлық резервін қалыптастыруды;
- 3) қызметкерлердің табысты өндірістік жұмысын уәждеу үшін жағдайлар жасауды;
- 4) кадрлар даярлау және қайта даярлау жүйесін құруды;
- 5) сараланған еңбек ақы жүйесін енгізуді.

Компанияның кадрлық саясатының негізгі бағыттары ғарыш саласы үшін кадрлық әлеуетті мыналардың негізінде қалыптастыру:

1) Қазақстанның, Ресейдің, Еуропаның және әлемнің жетекші елдерінің жоғары оқу орындарында жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлауды ұйымдастыру, сондай-ақ жас мамандарды "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқыту үшін жіберу жолымен;

2) қызметкерлерді даярлау деңгейін арттыру бойынша шаралар өткізу: ғарыш қызметі саласындағы жетекші институттар мен орталықтардан профессорлық-оқытушылық құрамды және ғалымдарды шақырумен семинарлар мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану;

3) осы не өзге жобаны іске асыру шеңберінде жобаларды іске асыруға қатысатын шетелдік әріптестермен, шеттегі ұйымдармен жасалған келісім-шарттар негізінде осы немесе өзге жобаны іске асыру үрдісінде қазақстандық мамандарды өндірісте оқыту және тағылымдамадан өткізу практикасын енгізу болып табылады.

Бұдан басқа, компания кадрлық саясаттың негізгі ережелерін мынадай жолмен іске асырады:

1) жоғары оқу орындарының бейінді мамандықтар студенттері практикадан өту, магистранттар мен аспиранттардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік әзірлемелерге қатысу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) отандық ғарыш саласын дамыту үшін қажетті мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

3) ғарыш қызметін дамыту мәселелері жөнінде ғылыми-практикалық конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, семинарларды ұйымдастыру және өткізу;

4) ғарыш саласын дамытуға және жаңа технологияларды енгізуге студенттік жастардың қатысуы бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;

5) компания қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін оларды бірлескен жобалар

бойынша ресейлік және украиналық кәсіпорындарға, сондай-ақ алыс шетел мемлекеттерінің кәсіпорындарына мамандану және біліктілігін арттыру.

1.5.11. Қарыз алу саясаты

2009 - 2011 жылдары компания қызметін қаржыландыру көздерін диверсификациялау көзделіп отырған жоқ.

Сондай-ақ, бірлескен кәсіпорындарды, оның ішінде шетелдік әріптестермен қалыптастыру жолымен жобаларды іске асыру жөніндегі шығындарды бөлу варианттары қарастырылуда, бұл қазақстандық көздерге қаржылық жүктеме мен тәуекелдерді төмендетіп қана қоймай, ал озат өндірістік және басқару технологияларын тартуға, ғарыш қызметтерін көрсетудің дүниежүзілік нарығына шығуға мүмкіндік береді.

1.5.12. Қаржы нәтижелері және бюджетпен қатынас

Компания іске асыратын жобалардың ұзақ мерзімділігін ескере отырып, құрылатын жүйелер өнімінен 2009 - 2011 жылдар кезеңіндегі кіріс болжанбайды. Уақытша бос қаражатты орналастырудан компания кірісті 2008 жылы 665 598 мың теңге, 2009 жылы 345 000 мың теңге және 2010 жылы 400 000 мың теңге және 2011 жылы — 422 232 мың теңге мөлшерінде жоспарлап отыр. Уақытша бос қаражатты орналастырудан шығыстардың төмендеуі іске асырылатын жобалар бойынша болжамды аванстық төлемдер төлеумен байланысты. Компания қызметінің күтілетін қаржы нәтижелері төменде беріледі:

Жылдар бойынша өзіндік капитал көлемі: 2007 жылы - 9 718 104 мың теңге; 2008 жылы - 14 994 346 мың теңге; 2009 жылы - 21 450 940 мың теңге; 2010 жылы - 37 648 986 мың теңге; 2011 жылы - 60 317 995 мың теңге.

Жылдар бойынша активтердің құны: 2007 жыл - 10 826 201 мың теңге; 2008 жылы - 15 287 971 мың теңге; 2009 жылы - 20 632 751 мың теңге; 2010 жылы - 37 087 775 мың теңге; 2011 жылы - 58 547 347 мың теңге.

1.5.12.1. Республикалық бюджеттен түсетін түсім

Компанияның 2009 — 2011 жылдарға арналған даму жоспары сол кезеңде республикалық бюджеттен және басқа көздерден компанияның жарғы капиталын көбейтуге түсетін қаржы қаражатты, барлығы - 45 323 649 мың теңге сомасында көздейді.

2009 және 2011 жылдарға арналған болжамды қаржы көрсеткіштері Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес тиісті кезеңге арналған республикалық бюджеттің жоспарланып отырған қалыптасуына сәйкес нақтыланытын болады.

1.5.12.2. Бюджетке түсетін түсім, акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттеріне дивиденттер

2009 жылы мемлекеттік бюджетке салықтар және басқа да төлемдер түрінде түсетін міндетті төлемдер қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Салықтар	2008 жылғы баға	2009 жылғы болжау	2010 жылға болжау	2011 жылға болжау
А	Б	В	Г	Д
Әлеуметтік салық	58004	68584	75100,96	78420,52
Әлеуметтік сақтандыру	21368	30482	32920,2	39230,1
Мүлікке салық	42295,71	47041,01	48061,01	49082,07
Көлікке салық	402,84	570,61	660,61	780,36
Жер салығы	1768,10	1847,29	1957,29	2117,00
Кеден төлемдері	2,703	13,515	14,000	16,100
Бюджетке төлемдер	185439,09	30600,0	34800,0	38770,3

2-бөлім. Компанияның инвестициялық бағдарламасы

2.1. Саладағы инвестициялық жағдайды бағалау

2.1.1. Саланың (аяның) инвестициялық нарықтарындағы жағдайын талдау және бағалау, сондай-ақ Компанияның ролін бағалау және саладағы инвестициялық процестерге оның әсер ету дәрежесі

Ғарыш саласы дамуының дүниежүзілік үрдістері әлемдік экономиканың осы секторына инвестициялар тартуға қолайлы. Дүниежүзілік ғарыштық бюджет және ғарыш саласының әлемдік коммерциялық секторының табыстары өсуде. Жаңа қосымшалар мен нарықтық сегменттер пайда болуда.

SIA (Спутниктер өндірушілерінің қауымдастығы) және ISBC (International Space Busines Council) ұйымдарының жылдық есептеріне сәйкес ғарыш саласының коммерциялық секторының табысы 1996 жылғы 40 млрд. кем АҚШ долларынан 2000 жылғы 64,2 млрд. АҚШ долларына дейін, 2005 жылғы 100 млрд. АҚШ долларына дейін және 2006 жылғы 180 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. Бұл сома жеке меншік компаниялардың әртүрлі спутниктерді (телекоммуникациялық, ауа-райының, "шпиондардың" және т.б.) әзірлеуге және шығаруға сияқты, сондай-ақ ғаламдық ғарыш зерттеулеріне - мемлекеттік компаниялардың шығындарын да ескереді.

2010 жылға қарай дүниежүзілік ғарыш саласының жалпы көлемі шамамен 200 млрд. А Қ Ш д о л л а р ы н қ ұ р а й д ы .

Қазақстан ғарыш саласының қалыптасуы Қазақстан Республикасы Президентінің

2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарғысымен бекітілген "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" бірінші Мемлекеттік бағдарламасын қабылдаудан басталғанын айта кеткен жөн. Еліміздің ғарыш саласында дүниежүзінде зымырындар ұшыру саны ең көп, бүгінгі күні Ресей Федерациясына жалға берілген "Байқоңыр" ғарыш айлағы және "KazSat" байланыс және хабар тарату ғарыш жүйесінің жерүсті инфрақұрылымы бар.

Қазақстанның ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту процесіндегі негізгі роль Компанияға тиесілі, яғни компанияның жобаларында ғарыш аппараттарын, ғарыш жүйелері мен кешендерін өндіру жөніндегі өндірістік қуаттарды, сондай-ақ, халық шаруашылығының түрлі міндеттерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін басқа жерүсті инфрақұрылымын құруды көздейді.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, ғарыш саласындағы жобаларды іске асыру жөніндегі инвестициялардың үлкен бөлігін мемлекет өзіне алады, Қазақстанда да осылай. Бүгінгі күні ғарыш саласында іске асырылатын барлық жобалар, оның ішінде компанияның жобалары да мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады.

2.1.2. Қорытындылар

